

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ

Алматы қаласының Білім басқармасы

ҚМҚК «Принтмедиа технологиялар колледжі»



КЕЛІСЕМІН

Алматы қаласы
Білім басқармасының басшысы
С.Т. Сайфеденов
«___» _____ 2026 ж.

БЕКІТЕМІН:

Колледж директоры
Г.А. Абдуллаева
«___» _____ 2026 ж.

«Зиянды әдеттер жастарға тән емес» сурет салу қалалық байқауының ережесі

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы ереже «Зиянды әдеттер жастарға тән емес» сурет салу байқауын ұйымдастыру және өткізу тәртібін анықтайды;
- 1.2. Байқаудың ұйымдастырушысы – ҚМҚК «Принтмедиа технологиялар колледжі»;
- 1.3. Байқау Алматы қаласының колледж студенттері арасында кәсіби шеберліктерінің тұрақты дамуы мақсатында өткізіледі;
- 1.4. Байқау әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыруға бағытталған, бұл сурет салу байқауына қатысу арқылы жүзеге асады.

2. Мақсаттар мен міндеттер

Мақсаттар:

- 2.1. Жастардың мамандықтарына деген қызығушылықтарын арттырып, оларды қоғамға пайдалы, Зиянды әдеттердің жастарға тән еместігін көрсету және жастарды салауатты өмір салтын ұстануға шақыру.
- 2.2. Жастардың мамандықтарына деген қызығушылықтарын арттырып, оларды қоғамға пайдалы, үлгілі мамандықтарға тарту.
- 2.3. Жастардың мамандықтарына деген қызығушылықтарын арттырып, оларды қоғамға пайдалы, Қалалық деңгейде жастардың шығармашылық қабілеттерін қолдап, олардың қоғамға деген жауапкершіліктерін арттыру.

Міндеттер:

- 2.4. Жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау;
- 2.5. Мамандық таңдаудағы жауапкершілікті қалыптастыру;
- 2.6. Қатысушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

3. Байқауға қатысушылар

3.1. Байқауға Алматы қаласының 1-2 курс колледж студенттері қатыса алады;

3.2. Қатысу жеке немесе команда құрамында (2 адамға дейін) мүмкін;

3.3. Бір білім беру ұйымынан қатысушылар саны 2 адамнан артық болмауы тиіс.

4. Байқаудың өткізу форматы

Байқау қалалық деңгейде өткізіледі.

4.1. Сурет байқауына қатысу үшін қатысушылар өздерінің қатысу бағытын (топтық немесе жеке) өздері анықтайды;

4.2. Қатысушы оқу орындары өздерінің базасында ұйымдастыру комитетін құрады, байқауды өткізуге жауапты тұлғаларды тағайындайды, қатысушылар құрамын жасақтайды;

4.3. Байқау аяқталғаннан кейін жауапты тұлғалар жұмыстардың кезеңдерін суретке түсіріп, әлеуметтік желілерде («TikTok», «Facebook», «Instagram») колледждің парақшасында жариялайды. Жарияланған постта байқаудың өткізілген күні мен орнын көрсетуі тиіс;

4.4. Байқау нәтижелері бойынша әр бағыт бойынша жауапты тұлғалардың есептерін ұсынған қатысушылар/топтар 1, 2 және 3 орындарды иеленіп, дипломмен марапатталады. Жеңімпаздар қатарында болмаған қатысушылар сертификаттармен марапатталады

4.5. «Зиянды әдеттер жастарға тән емес» сурет салу қалалық байқауының өткізілуі туралы ақпарат қоғамға әлеуметтік желілер арқылы беріледі.

4.6. Қатысушылар өз жұмыстарын қағаз бетінде (қолмен салынған) ұсына алады.

4.7. Байқау екі кезеңнен тұрады:

1 тур – конкурсқа қатысушылар конкурс басталуына **5 (бес) күнтізбелік күн қалғанда «Зиянды әдеттер жастарға жат»** тақырыбындағы конкурстық жұмыстарын (суреттерін) **Принтмедиа технологиялары колледжіне** ұсынады.

2-тур: Екінші (қалалық) тур – конкурсты ұйымдастырушы колледжде өткізіледі. Екінші турдың қатысушылары турдың өтетін күні тікелей берілген тақырыпқа сурет салады.

4.8. Екінші турға өткен қатысушылар жұмыстарын белгіленген мекенжайға жауапты тұлғаларымен бірге келіп белгілі уақыт аралығында (90 мин) орындайды.

5. Байқаудың бағыттары

5.1. Қатысушылар келесі бағыттардың бірін немесе бірнешеуін тандай алады:

5.2. Байқау келесі бағыттар бойынша өткізіледі:

5.3. Кескіндеме (акварель, гуашь, майлы бояу, акрил және т.б.).

5.4. Графика (қарындаш, қалам, тушь, пастель және т.б.).

5.5. 2 тур бойынша студенттер қажетті құралдарын өздерімен бірге алып келуге міндетті)

5.6. 2 турға қатысушылар байқауға жетекші мұғалімімен келуге міндетті.

6. Жұмыстарға қойылатын талаптар

Форматы: А3 форматында (қағаз жүзінде)

Техникасы: еркін стиль.

Бірегейлік: авторлық жұмыс болуы тиіс, плагиатқа және жасанды интеллект көмегімен жасалған жұмыстарға жол берілмейді.

Тыйым салынған материалдарды (балағат сөздер, агрессивті бейнелер, жаман әдеттерді насихаттау) пайдалануға жол берілмейді.

Бірінші турдан сәтті өткен студенттер екінші турға қабылданады

Жұмыстар белгіленген мерзімге дейін тапсырылуы қажет.

2 турға қатысушылар қажетті құралдарын өздерімен бірге алып келуі тиіс).

7. Бағалау критерийлері

7.1. Әр бағыт бойынша жұмыстарды бағалау критерийлері:

- Тақырыпқа сәйкестік (20 ұпай).
- Идеяның өзіндік ерекшелігі (20 ұпай).
- Көркемдік шеберлік (20 ұпай).
- Эмоционалды әсер (20 ұпай).
- Орындау сапасы (20 балл).

Максималды балл-100 балл.

7.2. Ұпайлар тең болған жағдайда жеңімпаз қазылар алқасының дауыс беруімен анықталады.

8. Қатысу тәртібі

Қатысуға өтінімдер мен суреттерді конкурс басталуына 5 (бес) күнтізбелік күн қалғанда кешіктірілмей apk.5@mail.ru электрондық поштасына жіберілуі тиіс.

Таңдалған номинация бойынша тапсырманы орындау.

Жұмыстарды қабылдау: қатысушылар өз суреттерін Принтмедиа технологиялары колледжіне конкурс басталуына 5 (бес) күнтізбелік күн қалғанда тапсырады.

Жұмыстарды, келесі мекенжай бойынша қабылданады:

Алматы қ., Шевченко көшесі, 202.

9. Комиссияның құрамы

Байқау жұмыстарына баға беру үшін комиссия құрылады, оның құрамына тәуелсіз сарапшылар, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, өнер саласының мамандары (суретшілер, дизайнерлер). Білім беру ұйымдарының өкілдері (мұғалімдер, оқытушылар). Қоғамдық ұйымдардың өкілдері.

10. Қорытынды жасау және марапаттау

10.1. Байқау қорытындысы жюри мүшелерінің ұсыныстары негізінде жасалады.

10.2. Әр қатысушының қорытынды бағасы барлық жюри мүшелерінің бағаларының қосындысы бойынша қалыптасады. Қорытынды нәтиже қайта қарауға жатпайды.

10.3. Жеңімпаздар I, II, III орындар бойынша анықталады.

10.4. Барлық қатысушыларға сертификаттар, жеңімпаздарға дипломдар мен сыйлықтар табысталады.

10.5. Байқаудың қорытындысы арнайы көрме немесе онлайн жариялау арқылы көрсетіледі.

10.6. Барлық колледждің веб-сайтында және әлеуметтік желілерде #«СалауаттыҰрпақ» хештегімен жарияланады.

11. Күтілетін нәтижелер

Жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау.

Қатысушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Қоғамдық жауапкершілік пен кәсіби бағдарды қалыптастыру.

Үздік жұмыстарды қала көлемінде насихаттау (көрмелер, әлеуметтік желілер).

12. Байланыс ақпараттары

Өтінімдер мен сұрақтар бойынша жауапты тұлғаларға хабарласуға болады:

Сыгаева Айнара Назимбековна – заместитель директора по учебной работе,

Сулейжан Айдана Есболқызы – «Басуға дейінгі процесстер» бөлімінің меңгерушісі, байланыс телефоны: 8 707 988 85 69, электрондық пошта: apk.5@mail.ru

**Оқушыларға арналған қалалық сурет салу байқауына қатысу
ӨТІНІМІ**

Сурет байқауындағы жұмыс туралы ақпарат	
Сурет байқауының бағыты	
Қатысушы және оның жетекшісі туралы ақпарат	
Қатысушының аты-жөні	
Туған жылы	
Колледжі, тобы	
Жетекшінің аты-жөні, лауазымы	
Телефон номері, поштасы	
Білім беру ұйымы туралы ақпарат	
Білім беру ұйымының атауы	
Директордың аты-жөні (білім беру ұйымының басшысының)	
Акции координаторының аты-жөні, лауазымы	
Оқу орнынан координаторының электрондық поштасы	

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ-ШАҚЫРУ

Алматы қаласы колледждерінің білім алушылары арасында өтетін **«Зиянды әдеттер жастарға жат»** атты сурет байқауына қатысуға шақырамыз.

Байқау **2026 жылғы 27 ақпанда, сағат 10:00-де** мына мекенжай бойынша өтеді: **Алматы қ., Шевченко көшесі, 202.**

Байқауға қатысуға өтінімдер **2026 жылғы 22 ақпанға дейін 1-қосымшаға** сәйкес электрондық форматта apk.5@mail.ru электрондық поштасына қабылданады.

Ұйымдастырушылар: «Басуға дейінгі процесстер» бөлімі,
КМҚК «Принтмедиа технологиялары колледжі»

Байланыс телефоны: +7 707 988 85 69